

МРНТИ 14.01

Ерхожина Ш.Л.¹

¹ *Сулейман Демирел университеті,
Алматы, Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН БЛУМ МАҚСАТТАРЫ АРҚЫЛЫ БЕКІТУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі білім берудің мазмұнына сай Блум таксономиясымен оқыту туралы сөз болады. Жоғары оқу орнындағы білім мазмұнына негізделген Блум мақсаттарының сипаты және оның артықшылықтары қарастырылды. Технологиядағы білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау мақсаттарының білімалушылар үшін маңызды тұстары анықталды. Студенттерге курсты меңгерту бойынша жүргізілетін дәрістер мен семинар сабақтарын аталған мақсаттарға негіздеп жүргізудің тәжірибеде тиімділігі айқындалды. Білімгерді жан-жақты дамыту мақсатында, пәннің ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, саналылық, көрнекілік, т.б негізгі ұстанымдардың басшылыққа алынатыны және студенттің оқу-танымының қандай деңгейде дамитыны айтылды. Блум мақсаттарының оқу материалын теориялық және әдістемелік мәселелер төңірегінде кешенді қолданғанда белгілі нәтижелерге жетуге болатынына сараптама жасалды. Студенттерге теориялық білімді меңгертуімен қатар, аталған жүйенің оларды шығармашылыққа апаратыны туралы тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: Блум таксономиясы, креативті ой, оқу-танымдық, шығармашылық

Yerkhozhina Sh. ¹

¹ *University of Suleiman Demirel,
Almaty, Kazakhstan*

FORMALIZING STUDENTS' KNOWLEDGE SYSTEMS WITH BLOOM'S GOALS

Abstract

The article is devoted to the application of Bloom taxonomy in education according to the current new content of education. The nature and advantages of using Bloom's goals in higher education are considered. The important aspects of the goals for students were identified which are indicated in the technology, such as knowledge, understanding, application, analysis, synthesis and evaluation. The practical effectiveness of lectures and seminars on the course was revealed in the view of the above-mentioned goals. The study which was carried out in accordance with such principles as, scientific, systematic, consistency, consciousness and visibility was also noted in the purpose of the versatile development of students and how it affected the educational and cognitive level of students. It is revealed that in general the complex application of Bloom's goals in teaching of theoretical and methodological problems gives certain results. It is also concluded that we can use them not only to form theoretical knowledge of students, but also to contribute to the discovery of creative potential.

Keywords: Bloom taxonomy, creative thinking, educational and cognitive, creativity

Ерхожина Ш.Л.¹

¹ *Университет имени Сулеймана Демиреля,
Алматы, Казахстан*

ЗАКРЕПЛЕНИЕ СИСТЕМУ ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ С ЦЕЛЯМИ БЛУМА

Аннотация

Статья посвящена применению таксономии Блума в обучении в соответствии с нынешним новым содержанием образования. Рассмотрены характер и преимущества использования целей Блума

в вузе. Были определены важные моменты целей для студентов, которые указаны в технологии: знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка. Выявлена практическая эффективность проведения лекций и семинаров по курсу на основе вышеуказанных целей. Отмечены также в целях разностороннего развития студентов обучение проводилось в соответствии с принципами таких как научность, системность, последовательность, сознательность, наглядность и как это повлияло на учебно-познавательный уровень студентов. Выявлено, что комплексное применение целей Блума в обучении теоретических и методических вопросов в целом дает определенные результаты. Также сделан вывод, что с их помощью не только можно формировать теоретические знания учащихся, но и способствовать открытию творческого потенциала.

Ключевые слова: таксономия Блума, креативное мышление, учебно-познавательный, творчество

Кіріспе. Бүгінгі күн білім берудің мазмұнын, тәсілдерін жаңа жүйеде қалыптастырып, білімгерлердің жан-жақты дамуына жағдай туғызыуды қажеттетінуақыт болып отыр. Білімалушыны жан-жақтылыққа жеткізу үшін әуелі оның ұстазының әлеуетінің жоғары болуы маңызды. Сондықтан мұғалімнен өз пәнінің терең білгірі болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық, бәсекеге қабілетті маман болуы талап етіледі. Мұндай құзыреттіліктің болуы және білім мен технологияны ұштастыра қаруланған ұстаздың тәжірибесі жоғары оқу орнындағы болашақ маман даярлау үдерісінде өте маңызды рөл атқарады.

Студенттерге берілетін білімге қойылатын талаптардан бұрын, педагог өз әлеуеті мен шеберлігі үшін жауапты. Сондықтан әр ұстаздың өз білімін жетілдіріп, үнемі ізденісте болуы – қажетті үдеріс. Жоғары оқу орындарында жүргізілетін дәрістердің түрлері көп. Дегенмен қандай дәріс болса да, оның түпкі мақсаты – студенттерге белгілі курстан білімді игерту. Дәріс сағаттарының өзінде студенттердің материалды қаншалықты меңгергендігін анықтауға болады. Осы орайда қазіргі білім беруде тиімділігі танылған Блум таксономиясын жетік меңгеріп, оны тәжірибеге қосунәтижелі болып келеді.

Америка ғалымы Бенджамин Блумның бағытымен әзірленген сыни тұрғыдан ойлауға бағыттайтын, ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі тәжірибеде тиімділігін танытып жүр. Білімді жеке тұлғаға бағыттай беруде әр сабақты осы жүйеде жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі бар. Дәрісті Блум таксономиясымен құрылымдаудағы мақсат – студенттерді алған білімін талдап, жүйелеуге, өмірмен байланыстыруға және қолдануға бағыттау.

Ғалым ұсынған мақсаттардың әрқайсысының тұтас педагогикалық үдерісте өзіндік рөлі бар, дегенмен талдау, жинақтау, қолдану қадамдарын студенттердің білімді игеру деңгейін айқындауда және материалды бекіте түсу негізінде үнемі қолдану іскерлік дағды қалыптастырады.

Талдау - таным мен ойлау деңгейі, студенттердің оқу - танымдық жоғарғы деңгейі. Саналылық ұстанымына сай алынған контентке өзіндік талдау жүргізе алса, бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын даанықтай алғаны. Талдауда студент санасында оқу материалының құрылымы анық көрінуі, яғни оны құрамдас бөліктерге бөлуі: бүтіннің бөліктерін ажыратуы; олардың арасындағы өзара байланыстарды анықтауы, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезінуі көрініс береді.

Қолдану категориясы оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа жағдаятта қолдануды меңзейді. Яғни қандай да бір мәселені шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Студенттерге қорытынды нәтиже маңызды болып қоймай, сонымен бірге шешім іздену процесінің өзі маңызды болып табылады. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Осы тұста А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралда» ұсынған тәжірибелік-әдістемелік қағидасын айтып кетуді жөн көрдік. Ғалым оқушылардың практикалық сауаттылықты ғана емес, тіл жүйесінің табиғатын терең меңгеруіне басымдық танытты. Бұл оқу құралында танымның нақтылықтан абстрактылыққа қарай жүру жолын, яғни эмпирикалық білім мазмұнын көрсетеді. Бұл жолда ғалым теориялық қабатты игеруге бағыттаса, келесі кезекте «сынау» мен «дағдыландыру» жұмыстарының орындатылуы арқылы оқушылардың рефлексиялық қабілеттерін дамытуды мақсат тұтады. Енді оқушының санасында орын алған ұғымның ішкі табиғатын таныту мәселесіне көңіл аударады. Мұны ғалым оқушының тәжірибелік қажеттіліктерінен туындата отырып жүргізілуін, теориялық тұрғыдан

алған білімін нақты өмір қажеттіліктеріне сай қолдана алу арқылы абстрактылықтан нақтылыққа қарай өтуіне әдістемелік қызмет көрсетілу керектігін көрсетеді. Сонда А.Байтұрсынұлының синтаксисті оқыту логикасын 2 кезеңмен: 1-кезең – нақтылықтан абстрактылыққа қарай жүру жолы, яғни білім берудің эмпирикалық кезеңі (кіріспе сөз, тілдік фактілер келтіру, синтаксистік бірліктің сыртқы белгілерін таныту, ереже шығару), ал 2-кезең – абстрактылықтан нақтылыққа қарай өту жолы, яғни білім берудің теориялық кезеңін (ереже, сұрақ-жауаппен нақтылау, жекелеген белгілерін топтастыру, практика: сынау, дағдыландыруды) айтуға болады. Мұны сөз етудегі мақсатымыз – ғалымның әдістемелік тұжырымының түпкі мазмұнына қазіргі айтылып жүрген таксономияның мақсаттарының тұстас келетіні.

Осы әдістемелік еңбекғалымның қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы ретінде танытқан алғашқы еңбектерінің бірі болды. Ғалымның теориялық білімді танытып, түсіндіріп, оны практикамен ұштастыра қолдандыру дағдысын беруді, білімгердің талдау жасауы және ойын жүйелеп жинақтауы, сынау, дағдыландыру негізінде ой қорытындысын жасатуды әдістемелік тұрғыдан оқушының даму үдерістері ретінде көрсетсе, Блум таксономиясындағы мақсаттар жұмсалыуына қарай рет-ретімен жеке-жеке танытылады.

Синтез (жинақтау, жүйелеу) – оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Әр студенттің меңгерген материалы қаншалықты ауқымды болғанымен, соны жүйелеп, өз ойын қорытып жеткізе білуі синтез жасай алу дағдысының қалыптасқаны болып саналады.

«Осы мақсаттарға жету үшін, алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру қажет. Ол үшін түрлі ой сергіту сәттерін, тренингтер өткізуге, жаймен сазды әуен қосып қоюға болады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру кезінде қазақ тіліндегі әндерді, күйлерді, ұлттық ойын элементтерін де қолдануға болады» [1]. Әдіскердің тәжірибесіне сүйенсек, тапсырмаларды орындау кезінде білімалушыларға жағымды орта қалыптастырудың маңыздылығы басым болып келеді. Бұл кезеңде білімгер берілген ақпараттың мағынасын, танымдық мәнін түсініп, әлеуметтік-тілдік, танымдық қабілетін жетілдіруге мүмкіндік алады. Студенттің сөйлеу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруда ойды жинақтату оның тілдік бірліктердің мағынасы мен айырмашылығын терең қарастыруға, тілдік құралдардың қызметін анықтауға, тілдік бірліктердің қолданылу дәрежесін айқындауға, оның тілдік қарым-қатынаста атқаратын рөлін дәйектеуге мүмкіндік береді.

Блум таксономиясын оқу үрдісінде қолдану студенттерді өз бетімен жауап іздеуге ынталандырады, сонымен қатар өзі қабылдаған білімнің кей тұстарына сұрақтары туындап, оның жауабын білуге талпыныс пайда болады. Оқушылар өздеріне деген сенімділікпен ізденеді, себебі оларға қойылған сұраққа жауап табу қызықты. Оқу пәндері мен шынайы өмірдегі байланысты көреді. «Блум таксономиясы – оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игертудің бірден-бір жолы. Бұл таксономия бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады» [2,22].

Блум мақсаттары бойынша тапсырмалардың деңгейленіп берілуі, сұрақтардың күрделілік деңгейін арттырып беру, сөйтіп барып негізгі мақсат етілген нәтижеге алып келу арқылы, біріншіден, студенттің қандай да болмасын қиын проблеманы шешуге өздігінен келуі табиғи түрде жүзеге асады. Соның нәтижесінде олардың өз жұмысының нәтижесін көзімен көруге, қуаныш пен қанағаттану сезімінің пайда болуына жеткізеді.

Әдістемесі. Студенттердің танымдық іс-әрекетін түрлі деңгейлерге бөлу, мұғалімнің әр деңгейде белгілі мақсатты көздей отыра олардың атқаратын жұмысын белгілеуіне кең мүмкіндік береді. Мақсаты анықталған әр деңгейдегі орындалатын жұмыс мазмұны да айқын және білімгердің танымдық іс-әрекетін бірден қиындатпай, оны бірте-бірте білімді түсінетін, қабылдайтын, қолданатын деңгейге жинақтайды.

Шығармашылықтың көрініс беретін тұсы студенттің алған ақпаратты талдап, саралап, салыстыруынан бастап, жаңа өнім жасауға дейін жетуі және жасалған құбылысқа өз көзқарасын білдіруі, сынауы, мақұлдауы тұсынан көрінеді. Б.Блумның бұл технологиясын пайдаланудың маңыздылығы сол, оқытудағы сабақты жүйелі ұйымдастыруға септігі мол. Әсіресе, меңгерілуге тиіс жаңа тақырыпты бекітуге арналған тапсырмаларды беруде, яғни семинар сабақтарындағы жұмыстардың бірізділігімен қатар, оқытудың жүйелілік және жеңілден ауырға қарай ұстанымының

мақсатына сай білімгердің ойын жүйелі жинақтау дағдысын алуына көмектеседі. Студенттердің практикалық сабақтары Блум қағидаларына құрылып, олардың өзіндік қолдану, талдау, жинақтау үдерістеріндегі белсенділіктері мұғалім тарапынан сараланып отырады. Бұл іскерлікке студенттер бірден келмей, әр сабақтағы тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарының күрделілік деңгейінің жоғарылауы нәтижесінде дағдыланып отырады.

Білім беру жүйесін жаңартуды Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өтсе [3], «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласындағы басымдықтарды баса айтты. Білім беруді жаңарту білімді ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылықты қалыптастырады. Блум жүйесі арқылы сабақ дұрыс ұйымдастырылғанда студенттер өзіндік білім алу, талдау, құрастыру және қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана алу дағдыларын қалыптастырады.

Аталған жүйені қолдану негізінде оқытушы өзінің педагогикалық әдістемесін жүйелеуіне мүмкіндік алады. Дәрістерді, практикалық сабақтарды ұйымдастыруда жүргізілген эксперименттер нәтижесін көрсетті. Сондықтан Блум таксономиясы жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлауда қолдануда тиімді болып саналады.

Нәтижелер. Блум таксономиясы танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейге есте сақтау, түсіне білу, еске түсіру; ал одан кейінгі түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады. Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді. Ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқақтата түсті [4,104]. Студенттің білімі мен білігін өз қажетіне қарай ұштастыруға, сөйлеу қабілетін жетілдіруге, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, студенттің шығармашылық қабілетін дамытуға т.б. көмектесетін төмендегідей құзыреттіліктердің рөлі айқындалды.

Танымдық құзыреттілік – студенттің хабарды өздігінен өңдей білуі, өз бетінше оқуы, үйренген материалдарын жаңа жағдайда қолдануы, хабардың шығу көзін таба алуы, өз қабілеті мен білімін бағалауы, өзіне қажетті білімді екшеп, сұрыптап ала білуі, оны қолданудың жолын меңгеруі.

Студенттің әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі заман сұранысынан туындап отыр. Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілік студенттің әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуі және белгілі бір әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің сапалық деңгейін көрсетеді. Студенттің баяндама жасауы, пікірталас, ойталқы, ойбөлісте өз ойын еркін жеткізе білуі оның әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін жетілдіруге игі әсерін тигізді. Студент ертеңгі маман ретінде тілді, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші тұлға ретінде қызмет етеді.

Студенттің әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігі дегеніміз – оның қоғамда, көпшілік алдында сөйлей білу дағдысы; тұлғаның қоғамда өз мәдени деңгейін, адами сапалық қасиеттерін таныта алуы; қарым-қатынастың ұлттық және жалпы адамзаттық әдеп нормаларын ұштастыра білуі; интеллектісі мен парасатын үйлесімде таныта алуы; өзгермелі дүние жағдайына бейімделе білуі, өмір бойы білім алу парадигмасына сай өз әлеуетін жетілдіре алуы; көпшілік алдында сөйлеу мен пікірталас мәдениетін жетік меңгеруі; өзіндік көзқарасын шешендік сөздің тектеріне сәйкес ұтымды жеткізе алу шеберлігі; қоғамдық қарым-қатынаста тұлғаның өзіндік көзқарасын мен позициясын ұстануы; қоғамдық пікірталаста өз пікірін қорғай алуы, топ алдында сөйлей алуы.

Талқылау. Студенттің білімін тереңдете түсуде ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін қарама – қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру жұмыстарының әдістемесін меңгерген ұстаздың да педагогикалық шеберлігі арта түсетіні сөзсіз. Сөз етіліп отырған деңгейлерге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары бірте - бірте күрделену заңдылығын түсіну студенттерді үнемі ізденісте болуға жетелейді. Блум таксономиясымен жұмыс нәтижесінде білімнің кеңеюі мен жинақы берілуінің негізінде шығармашылықтың қандай да бір түрі белгілі деңгейде көрініс береді. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы олардың білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалады. Шығармашылық жұмыстарды орындағанда білімалушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Осы

әдістемені меңгеру кезінде, қолдануда ұстаздың да шығармашыл ойлауға, өзгелердің пікірі мен іс - әрекетіне сыни тұрғыда баға беріп, тиімді шешімдер қабылдай білуіне, креативті ойлауына үйретеді, кездескен кедергілер мен қиындықтарды түсініп, қорыта отырып, жаңа қадамдар жасауға мүмкіндіктер береді.

Сондықтан ұстаздың әр сабағының жоспарын осы жүйеде құрып, жүзеге асыруы маңызды.

Қорытынды. Б.Блум таксономиясы қазіргі оқыту талабына, яғни студенттердің өзін-өзі басқарып үйрену талабына өте жақсы үйлеседі. Бұл оқыту технологиясының артықшылықтары – жеке тұлғаның оқу-танымдық қабілетін ұштап, болашақ педагог мамандардың әдістемелік тұрғыдан құзыреттіліктер қалыптастыруына мол мүмкіндіктер жасайды. Олардың білім көкжиегін кеңейтіп шындай түсуіне жол салады, сонымен қатар аса сезгіштікке, ой ұшқырлығына, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ұстанымды берік ұстануға, өзіне сын көзбен қарауға, қисынды ойлауға, жаңаны айқындай алуға, т.б. қасиеттерді бойына жинақтауға жол ашады. Блум таксономиясы тұлғаның креативтілігі мен шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Жоғары оқу орындарында мақсаттар арқылы оқыту жеке тұлғаны қалыптастырудың, жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игертудің бірден бір жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тәуекелова Г. Қ. *Сабақ жоспарын Блум таксономиясы негізінде құрудың ерекшеліктері.* 2019, www.edulife.kz
- 2 Ерғожина Ш.Л. *Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту.* Алматы, Баян жүрек баспасы, 2015 жыл.
3. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан халқына жолдауы. 11 сәуір, 2016 ж.*
- 4 Әлімов А.Қ. *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.* Алматы, 2013. - 447 б

Referenence:

- 1 Täuekelova G. Q. *Sabaq josparyn Blum taksonomiasy negızinde qūrudyñ erekşelikteri.* 2019, www.edulife.kz
- 2 Erğojina Ş.L. *Qūrmalas söilemderdi şyğarmasylyqpen oqytu.* Almaty, Baian jürek baspasy, 2015 jyl.
3. Nazarbaev N.Ä. *Qazaqstan halqyna joldauy. 11 säuir, 2016 j.*
- 4 Älimov A.Q. *İnterbelsendi ädistemeni JOO-da qoldanu mäseleleri.* Almaty, 2013. - 447 b.

МРНТИ 16.01.45

Жанпейс У. А.,¹ Озекбаева Н. А.,² Куанышбаева Ш.С.³

¹*Казахский медицинский университет непрерывного образования,
Алматы, Казахстан*

²*Международный университет туризма и гостеприимства,
Туркестан, Казахстан*

³*НАО «Университет Нархоз»,
Алматы, Казахстан*

**О ПРИОРИТЕТНЫХ ОРИЕНТИРАХ В ПРАКТИКЕ ОБУЧЕНИЯ
РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК ВТОРОМУ**

Аннотация

Формирование профильно-ориентированной коммуникативной компетенции будущих специалистов представляет собой приоритетную цель общеобразовательной дисциплины «Русский язык». Основная функция обучения русскому языку - представить русский язык одновременно как систему, как функционирующий механизм и как картину мира, как упорядоченную совокупность знаков, которые передают зафиксированную в них систему знаний об объективной действительности, или как тезаурус. В вузовском курсе русского языка, ориентированном на уровневое обучение согласно новой Типовой учебной программе заложены потенциальные возможности для широкого